

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 25 мамырдағы № 92 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 11 маусымда № 4753 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабы 3-тармағына, 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі мыналарды Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыны Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның мемлекеттік және орыс тіліндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның Солтүстік Қазақстан облыстық филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін жолдауды;

3) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Тимирязев ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Тимирязев ауданының әкімі

Е. Сағдиев

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы
әкімдігінің 2018 жылғы "25" мамырдағы № 92
қаулысына қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің кейбір күші жойылған қаулыларының тізбесі

1) "Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 03 ақпандағы № 18 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3113 болып тіркелді, аудандық "Көтерілген тың", "Нива" газеттерінде 2015 жылғы 28 ақпанда жарияланды);

2) "Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 03 ақпандағы № 19 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3112 болып тіркелді, аудандық "Көтерілген тың", "Нива" газеттерінде 2015 жылғы 28 ақпанда жарияланды);

3) Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 13 наурыздағы № 54 қаулысы (2015 жылғы 07 сәуірде "Әділет" Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланды, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3186 болып тіркелді);

4) "Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 03 ақпандағы № 18 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 20 сәуірдегі № 87 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3247 болып тіркелді, аудандық "Көтерілген тың", "Нива" газеттерінде 2015 жылғы 23 мамырда жарияланды);

5) "Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 19 ақпандағы № 52 қаулысы (2016 жылғы 06 сәуірде "Әділет" Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланды, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3661 болып тіркелді).